Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кіт аптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Достық Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан</p> <p>Жол ережесі «Көшелер мен жолдардың заңдары» Мақсаты: Жолдарда жүріс-тұрыс ережелерін қалыптастыру. Ғарышта шарлау мүмкіндігі.</p>	<p>Тақпақ жаттау. Отан Е.Өтетілеуұлы Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана, Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел.</p> <p>Өрт қауіпсіздігі «Суретші нені араластырды» Мақсаты: Балалардың зейінін, ойлауын, есте сақтауын, қиялын, сөйлеуін дамыту.</p>	<p>Санамақ Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде – бесеуіміз</p>	<p>Отан Бақытты боп жүргенім Сенің арқаң, Ұлы Отан. Елім менің – тірегім, Құшағында гүл атам. Қауіпсіздік ережесі «Бола ма, әлде болмай ма?» Мақсаты: Балаларды жануарлармен қарым - қатнас жасағанда қауіпсіздік ережелерінің қарапайым түрлерін сақтай білуге үйрету. Берілген карточкадағы іс - әрекеттерді жасауға бола ма, әлде болмай ма және неліктен болмайтынын аңгімелей отырып,</p>	<p>Туған өлкем . Өтебай Тұрманжанов Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем!</p>

				<i>қауіпсіздік ережелерін бекіту.</i>	
Балалармен Жеке жұмыс	<i>«Астанаммен мақтанам!» Астана және оның көрікті жерлері туралы балалармен әңгімелесу. Ой пікірлерін тыңдау. Суреттер қарау. Айсауле Байтеректі өте жақсы құрастырды.</i>	<i>Үстел үсті ойыны. Логикалық тапсырмалар. «Бөліктерін тап» Мақсаты: Мустафаға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету.</i>	<i>Суретпен әңгіме «Менің Қазақстаным» Мақсаты: Ергали, Асылыммен әңгімелесу.</i>	<i>Суретпен жұмыс «Суретші қай жыл мезгілін салды?» Исмаилге жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру</i>	<i>Менің Қазақстаным Томирис пен Димошқа әңгіме жүргізу. Сұрақ – жауап алу.</i>
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киінудегі тәртіпін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</i>				
Серуен	<i>Картотека № 5 Бұршақты бақылау.</i>	<i>Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау</i>	<i>Картотека № 1 3 Суық торғайды бақылау.</i>	<i>Картотека № 16 Аязды бақылау.</i>	<i>Картотека № 20 Қарды бақылау</i>
<i>Таңғы серуенді бекіту.</i>					

Серуеннен оралу					
Кешкі ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өзсүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
	<i>Өнегелі 15 минут, қауіпсіздік ережесі ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.</i>				
Балалардың Үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.</i>	<i>Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.</i>

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.
Желтоқсан айы 3 апта**

Тексерілді!
Аманжол

Топ: «Ботақан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 18.12 - 22.12. 23 оқу жылы.

Апта дәйек сөзі: Құндылық-бірлік және ынтымақ. «Бірлік болмай тірлік болмас»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
		«Менің Қазақстаным» ҚР әнұраны орындалады.			
Балаларды қабылдау	<i>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>Ата –аналармен балалардың тазалығыжөнінде әңгімелесу. балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру. Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.</i>				
	Өнегелі 15 минут				
Балалардың дербес әрекеті баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер		Картотека №2 «Қуыршақты киіндіру» Мақсаты: Қуыршақтың жетіспейтін киім-кешегін қиып жасауды,ретімен киіндіруді үйрету.	Картотека №3 «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Суретте бейнеленген негізгі белгілері бойынша әр жыл мезгілдері жайлы түсініктерін бекіту.	Картотека №13 «Бөлігін сал» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту.Заттың жетіспейтін бөлігін тауып орына сала білуге үйрету.	Картотека №14 «Өрнекті тап» Мақсаты: Оюдағы өрнектерді атау,орнына қоя білу іскерлігін бекіту.
	Шығармашылық дағдыларды дамыту картотекасынан				
Таңғы жаттығу	<i>Желтоқсан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
	Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.				

Таңғы ас	<p>Ойын- жаттығу «Таза қолдар». Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу. Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу</p> <p>Үнемді тұтыну-Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну.</p>				
Ұйымдас тырылған іс- әрекетке дайындық	<p>ҮІӘ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</p>				
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері		<p>Денешынықтыру Ұлттық киім киген Серік атты қуыршаққа назар аудартады. Қуыршақ өзімен бірге дорба ала келіпті. Балаларға дорбада спортзалда ойнайтын қандай заттар жатқанын сыртынан ұстап көріп табуды ұсынады. Қолдарына сылдырмақ ұстап, тізбекте бір-бірден жүру, қолға арналған тапсырмамен – сылдырмақты жоғары, екі жаққа –арақашықтықты сақтау, басты тік ұстау.Бір қатармен қолға арналған жаттығулар</p>	<p>Денешынықтыру – Балалардың назарын қарапайым қорапшаға аудару. Егер балалар педагогтің тапсырмасын дұрыс орындаса, қорапшада сыйлықтар болуы мүмкін. «Қатты-ақырын» ойын жаттығуы(5-6 рет). Тізбекте бір-бірден қолдарын түрлі қалыпта ұстап жүреді. «Қатты» деген белгі бойынша – сылдырмақты сылдырлатады, «ақырын» деген белгі бойынша – аяқтарының ұшымен жүреді, тыныштық</p>	<p>Музыка Педагог жетекшілігімен Қызығушылықтарын ояту Тосын сәт. Балалар, бізге қонаққа пішіндер келіпті. Ой қозғау. Қараңдаршы мыналар қандай пішіндер? Бұл дөңгелек ,сопақша пішіндер екен. Педагог жетекшілігімен ойын. «Айналадағы заттардың пішіні» Шарты: Заттардың қандай пішіндерге ұқсайтынын тауып айту. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық Алақанды ұрайық Бір отырып, бір тұрып</p>	<p>Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт Қонаққа Маша қыз келеді, балаларды орманға қонаққа шақырып, көмек сұрайды: - Сәлеметсізбе, балалар? Мені танып тұрсыз ба? Мен сіздің досымыз Машамын. Сендер қыс туралы не білесіңдер? Ой қозғау. Қыс мезгілі қандай? Қыста қалай киінесіңдер? Балалардың жауаптары. Балалар Машаға қандай киім киетініміз туралы тақпақ айтып</p>

	<p>жасап сапта жүру. Сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтереді, екі жағына созады, арақашықтықты сақтайды, бастарын түзу ұстайды.</p> <p>Шеңбер бойымен тұрып сылдырмақтармен ЖДЖ жасау (№1 қосымша, №11 кешен).</p> <p>Шынтақтың бүгілмей, түзу созылған күйін сақтауына назар аудару.</p> <p>Негізгі қимылдарды орындау:</p> <p>Алға қарай екі аяқпен секіру.</p> <p>Қуыршақ Серікке дейін секіріп, сылдырмақты дорбаға салу, залдың қарсы жағындағы доп салынған себетке дейін секіру.</p> <p>Жартылайбүгілген аяқпен секіріп, аяғының ұшымен түсуге назар аудару.</p> <p>Допты екі қолмен</p>	<p>сақтауға тырысады. Негізгі кезең.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Қаттырақ-тыныш».</p> <p>Екі қатарға тұрып сылдырмақтармен ЖДЖ жасау.</p> <p>Жаттығуларды шынтақты бүкпей орындауға назар аударарды. Негізгі қимылдарды орындау: Еденге қойылған тақтайша үстінде төрттағандап еңбектеу. Көпір үстімен залдың қарсы жағына еңбектеп өту.</p> <p>Нұсқау – тек көпір үстімен (тақтайша).</p> <p>Кеуде тұсынан допты екі қолмен лақтыру – доп лақтырғаннан кейін қолды созу.</p> <p>Қозғалыс ойын: «Затты тауып ал».</p> <p>Балаларды (әр бала үшін жасырылған ойыншығы бар) гажайып қоратшаны іздеп табу үшін жұмсайды.</p>	<p>Біз тұңығып алайық. Тосын сәт. Хат келу.</p> <p>«Құрметті балалар, біз орман аңдары қыста тоңып жатырмыз, біз бәріміз бір үйде тұрғымыз келеді. Бізге үйшік жасап беруге көмектесіңдерші»</p> <p>Орман аңдарына көмектесеміз бе?</p> <p>Ой қозғау.</p> <p>Орманда қандай аңдар бар</p> <p>Дид ойын: «Орман аңдары»</p> <p>Шарты: Ормандағы аңдардың суретін құрастыру</p> <p>Дид ойын. «Аңдарға көмек»</p> <p>Шарты: Дайын қысқы орман суретіне пішіндерден үйшік жапсыру. Әр пішінді, түсін атау. Үйшікті себетке салып аңдарға беріп жіберу.</p> <p>Ғажайып сәт.</p> <p>Қуыршақ Айгүл келеді. Балалармен амандасады. Аяз атадан сыйлық кампит алғанын</p>	<p>берейік.</p> <p>Ішік, пима қолғап бар</p> <p>Арада жоқ тоңғақтар</p> <p>Баста қолың малақай</p> <p>Біз тоңбаймыз алақай.</p> <p>Біздің орманымызда барлық аңдар көңілсіз, ренжіп жүр. Менімен орманға барып, аңдардың көңілін көтерейікші.</p> <p>Барасыңдар ма?</p> <p>Жолда тиінге көмектесу.</p> <p>Дид ойын: «Шырша»</p> <p>Шарты: Тиінге үлкен шырша құрастырып беру. Қасына тиінді қою</p> <p>Түлкілерге көмектесу. Оларға ойын ойнау үшін қар үйінділері керек екен.</p> <p>Дид ойын: «Қар үйінділері»</p> <p>Топтық жұмыс.</p> <p>Шарты: Үлкен форматқа қар</p>
--	--	---	--	--

		<p>кеуде тұсынан лақтыру. Допты кеуде тұсында дұрысұстауына назар аудару, доптың соңынан белгі берілгенде гана жүгіру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Марғаулар мен балақайлар».</p> <p>Балаларды ек топқа бөледі – «Марғаулар» және «балақайлар».</p> <p>Балалардың жанына келіп: «Сүт! Кім сүт ішеді?» – деп, сүт құйып жатқандай қимыл жасайды.</p> <p>Марғауларды сызыққа дейін гана ұстап алуға болатынын ескертеді.</p> <p>Негізгі қимылдары: допты екі қолмен кеудеден лақтыру. 3 метр қашықтыққа алға қарай екі аяқпен секіру.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Доп» Добымыз ойнайды, Секіріп еденде.</p>	<p>Негізгі қимылдары: еденге орнатылған тақтайшада төрттағандап еңбектеу (ені 25 см, ұзындығы 2 метр).</p> <p>Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру.</p> <p>Қызығушылықтарын ояту</p> <p>Балалар бізге қонаққа қуыршақ келіпті қуыршақтардың қалай киінгенін қараңдаршы. Олар не киіп жүр? Қалай ойлайсыңдар, олар неліктен қалпақ, пальто, куртка киді?</p> <p>Міне Қуыршақтар серуендеуге барады. Қазір далада күн суық серуенге шыққанда жылы киіну керек.</p> <p>Тосын сәт</p> <p>Тағы бір қуыршақ келеді.</p> <p>Мына қуыршаққа Айнұр деп ат қояйық.</p> <p>Ол да серуенге шыққысы келеді, бірақ серуендеуге жылы</p>	<p>айтады.</p> <p>Достарына жетпей қалған сендерден көмек сұрап келген.</p> <p>Көмектесеміз ба? Кампитті қандай пішіннен жасауға болады?</p> <p>Домалақ пішіннен кампит жасайық.</p> <p>Мүсіндеудің әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.</p> <p>Балалар жұмысқа кіріседі.</p> <p>Балалардың жұмысын бақылау.</p> <p>Жеке көмек.</p> <p>Тақпақ</p> <p>Конфет жақсы көремін</p> <p>Тәтті екенін білемін.</p> <p>Қорытынды.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p>	<p>үйінділерін жапсыру.</p> <p>Қасына түлкіні қою.</p> <p>Қасқырға көмектесу.</p> <p>Дид ойын: «Шырша ойыншықтары»</p> <p>Шарты: Ормандағы шыршаларға ермексаздан ойыншық жасау.</p> <p>Қасына қасқырды қою.</p> <p>Аңдар қуанып рақмет айту.</p> <p>Аңдармен сергітусәті:</p> <p>Орнымыздан тұрамыз.</p> <p>Қолды белге қоямыз,</p> <p>Бұрыламыз оңға бір.</p> <p>Бұрыламыз солға бір.</p> <p>Қорытынды.</p> <p>Сұрақ жауап арқылы қорытындылау</p>
--	--	--	--	--	---

*Біресе жоғары,
Біресе
төменге..Қызығушы
лықтарын ояту.
Ой қозғау
Терезеге қарау қар
жауып жатыр.
Тәрбиеші:
Қараңдаршы, қандай
әдемі! Қар қандай?
Балалар: Ақ, суық,
жұмсақ.
Аспаннан қар көп
жауса, оны қар дейді
Ал қар түйіршіктері
айналса, жел соғады,
бұл боран,
Балалар, боран қалай
айқайлайды
Дид ойын: «Боран
даусы»
Ой дамыту
Суретпен жұмыс:
Бірінші сурет:
қысқы жол, дала.
Тәрбиеші: Балалар
қараңдаршы, қар
қайда жатыр? Қар
жолдарда үйілген.
Бұларды үйінді
қарлар диміз.
Қане жолды қардан
ашып тазалайық.*

*киімі жоқ. Ол
достарынан көмек
сұрады. Біздің
сандықшада көптеген
киімдер бар екен , қане
соны қарайық
Бұл куртка қандай
түсті? Түсі қандай?
Балалар киімердің
атын түсін айтап
айтады
Енді Айнұр киініп
серуендеуге болады.
Дид ойын: «Айнұрды
киіндіреміз»
Айнұрды киінуге
көмектесейік. Балалар
қуыршақты киіндіреді,
қимылдарды айтады,
киімдерді атайды.
Балалар Айнұрдың
киімдерінің ішінде
етігінің бір пары
боялмаған, ол соған
ренжіп тұр.
Етігінің түсі қандай?
Қызыл
Ендеше мына етігінде
қызылға бояп берейік.
Дид ойын: «Қызыл
етік»
Шарты: Трафарет
арқылы етікті*

Дид ойын: «Жолды тазалаймыз»

Шарты: Қар басқан жолдың суретін құрастыру.

Салыстыру.

Мына жол қандай?

Ал біздің салған жолымыз қандай?

Екінші сурет:

Қардағы үй.

Тәрбиеші: Көшелерді, үйлерді, ағаштарды жауып жатқан қарды немен салыстыруға болады. Ол неге ұқсайды? кілемге, көрпеге.

Біз аулада, далада немен ойнаймыз?

Шана, шаңғы, коньки.

Біз әлі кішкентаймыз сондықтан шанамен көп ойнаймыз.

Дид ойын: «Шана»

Шарты: Дайын үй ауласының суретіне шана жапсыру.

Сергіту сәті ойын.

«Шырша, бүршік,

губкамен бояу.

Дид ойын: «Не жетіспейді»

Айнұрда қолғабы жыртылып қалыпты, күн аяз оның қолы тоңады.

Ендеше Айнұрдың қолғабын жасап берейік.

Қолғапқа жамауды жапсыру.



Ал бас киіміне не жетіспейді?



Бас киімінің төбесінде домалағы түсіп қалыпты.

Дид ойын: «Айнұрға көмек»

Шарты: Ермексазды домалақтау арқылы

қоян»
Шарты: «шырша» дегенде қолды екі жаққа созу, «бұршік» дегенде отыра қалу, «қоян» дегенде секіру керек.
Үшінші сурет: Балалар, ағаштарға қараңдаршы, қандай өзгеріс байқап тұрсыңдар? Дұрас айтасыңдар, ағаштар қар жамылған. Ағаштардың бұтақтары майысып тұр. Олардың бұтақтарына қар жабысып қалған. Қане ағаштарына бұтақтарына көмектесейік.
Шығармашылық бұрыш.
Балаларды топқа бөлу.
1-топ: Дид ойын:
«Ағаш бұтақтары»
Шарты: Дайын Ағаш суреттеріне ақ

бас киімді сәндеу.
Айнұрдың киімдерін киді, ол серуенге дайын.
Оған ойнайтын күрек жетіспей тұр, күрек құрастырып берейік
Дид ойын: «Күрек»
Шарты: Пішіндерден құрастыру жұмысы.
Айнұрмен рақмет айтып қоштасу.
Тақпақ айту
Қыс келді Алақай
Қуанады балақай
Қортынды
Балаларды мадақтау.

ҰО: «Бес тас»
«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы

		<p>түстен мақта таяқшасы арқылы бұтақтар жүргізу. 2-топ: Дид ойын: «Қар жамылған бұталар» Шарты: Ермексаздан бұталарға қар түйіршіктерін салу. Тақпақ. Ернұр Сейдахмет Келіп атай болжамы, Болды ауыл олжалы. Жауды жерге күміс қар, Енді бізді кім ұстар? Қортынды Балаларды мадақтау.</p> <p>ҰО: «Тақия тастамақ» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы</p>			
Серуенге дайындық	<p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p> <p>Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:өзіне-өзі қызмет көрсету.</p>				
Серуен:		Картотека № 12 Қыстап қалатын	Картотека №11 Күнді бақылау.	Картотека № 9 Қырауды бақылау.	Картотека №8 Мұзды бақылау.

	құстарды бақылау.					
Қысқы серуен картотекасынан						
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:өзіне-өзі қызмет жасау.					
Түскі ас	.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:өзіне-өзі қызмет жасау.					
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ертегі мен жағымды музыка Үнемді тұтыну мақсаты: «Суды үнемді пайдалану,шашпай жуыну.					
Біртіндеп Ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 3 «Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз. - «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз. - «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау. - «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз. Үнемді тұтыну мақсаты: «Суды үнемді пайдалану,шашпай жуыну.					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптарға рау және тағы басқа әрекеттер		Мнемо кестемен жұмыс. Қыс мезгілі туралы түсіндіру. -Қазір қандай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары	Дид ойын: Ғажайып қалта» Мақсаты: Ойыншықтардың ажыратып тани білуге үйрету, ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту.	Дид ойын. «Аңдарды табайық» Мақсаты: Суреттегі жануарларды ажыратуға үйрету. Жол ережесі «Сөйлейтін	Дид ойын. «Қуыршақты оятпа» Мақсаты: Ақырын дауысты қолдана білуді дамыту. Қауіпсіздік ережесі «Бауырсақ»	

		<p>болады? -Несімен ұнайды? Қандай ойын түрлерін білесіңдер? Сергіту сәті. «Боран» Сергіту сәті. Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан, Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан.</p>	<p>Өрт қауіпсіздігі «Өрт кезінде өзін қалай ұстау керек» Мақсаты: Өрт кезінде өзін-өзі ұстау ережелері туралы білімдерін бекіту. Қиял, логикалық ойлау, ұсақ моториканы дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>белгілер» Мақсаты: Жол белгілері, олардың жіктелуі туралы білімдерін бекіту.</p>	<p>Мақсаты: Қарым-қатынас дағдыларын, қиялын дамыту. Сөйлеу мәнерлілігі бойынша жұмыс.</p>
Балалармен Жеке жұмыс		<p>Мынау қай пішін? Мақсаты: Дінмұхаммедке Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.</p>	<p>«Үлкен-кіші»Мақсаты: Айсаулеге Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету.</p>	<p>«Не жоқ?» Ойынның мақсаты: Даринаға Логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.</p>	<p>«Қай жануар артық» Мақсаты: Исмаилдың ойлау қабілетін дамыту</p>
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен		Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау.	Картотека № 11 Күнді бақылау.	Картотека № 9 Қырауды бақылау.	Картотека №8 Мұзды бақылау.
Серуеннен оралу.	Таңғы серуенді бекіту.				
Кешкі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру				

<p><i>Балалардың дербес әрекеті</i></p>	<p><i>Балалардың таңдау бойынша ышығармашылық іс-шаралар: сурет салу, мүсіндеу, оригами, қысқы көрініс коллажы.</i></p>	<p><i>Құрылыс және құрастыру ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр»</i></p>	<p><i>Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлар"психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар</i></p>	<p><i>Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу. Міндеттері: ойыншықтарды сабынды суда губкамен жуу, таза сумен шаю, шүберекпен сүрту қабілетін қалыптастыру</i></p>	<p><i>Ертегілер, өлеңдер, жаңылтпаштар, мақалдар қайталау</i></p>
---	---	--	--	---	---

Өнегелі 15 минут, қауіпсіздік ережесі ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.

<p><i>Балалардың үйге қайтуы</i></p>		<p><i>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу Ата-аналарға сауалнама тарату.</i></p>	<p><i>Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу.</i></p>	<p><i>Психолог кеңесі (жеке балаларға) Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.</i></p>	<p><i>Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i></p>
--------------------------------------	--	--	--	---	---

Тексерілгені!
Жарн

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.
Желтоқсан айы 4 апта

Топ: «Ботақан» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 25.12 – 29.12.2023ж

Апта дәйек сөзі: «Құндылық-Бірлік және ынтымақ» «Ынтымақ- бұзылмайтын қорған»

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» ҚР әнұраны орындалады.				
Балалардың көңіл-күйін бақылау. денеқызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру Өнегелі 15 минут				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	Картотека №12 «Автобус» Мақсаты: Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар.	Картотека №13 «Қоңырау қайдан естіледі?» Мақсаты: Балалар қабырғаға беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығылып тұрады да қоңырау соғады.	Картотека №14 “Жел көбік” Мақсаты: Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.	Картотека №15 «Ұшты ұшты» Мақсаты: Ойын бастауыш айнала отырған ойыншыларды жаңылыстыру үшін тез-тез ұшатын және ұшпайтын заттарды араластыра айтып отырады.	Картотека №19 «Үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. Қалай еркелетеміз? (ботақан, қошақан.) Төлдер қалай ойнайды? (секіреді, жүгіреді.)
Физикалық дағдыларды дамыту картотекасынан					

Таңертенгі жаттығу	<p><i>Желтоқсан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген.</i> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау <i>Күй күмбірі-баланы қабылдау кезінде қазақтың күй өнерін бала бойына сіңіру.</i></p>				
Таңғы ас	<p><i>Балалардың беті қолын жуып, таңғыасқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.</i> <i>Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i></p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p><i>Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөнгеленген шеңберді.</i></p>	<p><i>Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз.</i></p>	<p><i>Қәне, қәне тұрамыз, Үлкен шеңбер құрамыз. Қоян болып секіріп, Орнымызды табамыз.</i></p>	<p><i>Сәлем деймін достарға, Сәлем деймін құстарға, Сәлем деймін құрдасқа Сәлем деймін ұстазға.</i></p>	<p><i>Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз Біз бақытты баламыз.</i></p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Денешынықтыру. <i>Балалардың назарын қарапайым қорапшаға аудару. Егер балалар педагогтің тапсырмасын дұрыс орындаса, қорапшада сыйлықтар болуы мүмкін.</i> «Қатты-ақырын» ойын жаттығуы(5-6 рет). <i>Тізбекте бір-бірден қолдарын түрлі қалыпта ұстап жүреді.</i></p>	<p>Денешынықтыру. <i>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз бүгін көңілді аңдар боламыз. Сендер қандай аңдарды білесіңдер? Жарайсыңдар. Біз оларға еліктеп, қимылдарын қайталаймыз. Ал, кәнеки, аңдар, маған құлақ салыңдар!</i> <i>Барлық қимыл-қозғалысты біз сәтті орындаймыз. Оңға бұрылып бір қатармен сапқа тұрады. Бір қатармен сапта жүру.</i></p>	<p>Денешынықтыру. <i>Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз бүгін көңілді аңдар боламыз. Сендер қандай аңдарды білесіңдер? Жарайсыңдар. Біз оларға еліктеп, қимылдарын қайталаймыз. Ал, кәнеки, аңдар, маған құлақ салыңдар! Барлық қимыл-қозғалысты біз сәтті орындаймыз. Оңға бұрылып бір қатармен сапқа тұрады. Бір қатармен сапта жүру.</i></p>	<p>Музыка Педагог жетекшілігімен Дид ойын: «Мені жалға» <i>Мен сендерге бір сөзді айтып, қар кесегін лақтырамын, ал сендер оны маған қайта лақтырып, бұл сөзді басқаша атайсыңдар, мысалы: қыс - аппақ. Дала- аязды Дала - қарлы Мұз – сырғанақ шана- зулайды тон қалың</i> Дид ойын: «Жақсы» -</p>	<p>Қызығушылықты ояту. <i>– Балалар білесіңдер ма, кеше бәрің үйге қайтып кеткенде, біздің топтағы кірпі қатты ренжіді. Ол маған баладрдан күн сайын жылдың осындай қызықты және тамаша мезгілі - қыс туралы еститінін, бірақ ол қысты ешқашан көрмегенін, кірпі сіздің қыстың</i></p>

<p>«Қатты» деген белгі бойынша – сылдырмақты сылдырлатады, «ақырын» деген белгі бойынша – аяқтарының ұшымен жүреді, тыныштық сақтауға тырысады.</p> <p>Негізгі кезең. Ойын жаттығуы: «Қаттырақтыныш».</p> <p>Екі қатарға тұрып сылдырмақтармен ЖДЖ жасау. Жаттығуларды шынтақты бүкпей орындауға назар аударады. Негізгі қимылдарды орындау: Еденге қойылған тақтайша үстінде төрттағандап еңбектеу. Көпір үстімен залдың қарсы жағына еңбектеп өту.</p>	<p>Аяқтың ұшымен жүру, қолдарын беліне қояды – «түлкі ақырын таяп келеді», табанының ішкі жағымен жүру – «аю талтаңдап келеді», кәдімгі жүріспен кезектесіп жүреді.</p> <p>Алға қарай секіру – «қояндар секіреді».</p> <p>Бір қатармен жүру, жүгіру, «қасқыр жортып келеді».</p> <p>Жүру және жүгіру, конустардың арасынан жыланша жүру – «жылан жорғалайды». Шеңбер бойымен тұру.</p> <p>ЖДЖ: «Қысқа дайынсың ба?» Ойменен де, сайменен де Аю келеді талтаңдап. Айтыңдаршы маған, аңдар, Қысқа дайындық қалай? Түлкіге арналған қолғап. Б.қ.: аяқтар табан қашықтығына сәйкес. 1 – қолды алға созамыз, 2,3 – қолдың</p>	<p>Аяқтың ұшымен жүру, қолдарын беліне қояды – «түлкі ақырын таяп келеді», табанының ішкі жағымен жүру – «аю талтаңдап келеді», кәдімгі жүріспен кезектесіп жүреді.</p> <p>Алға қарай секіру – «қояндар секіреді».</p> <p>Бір қатармен жүру, жүгіру, «қасқыр жортып келеді».</p> <p>Жүру және жүгіру, конустардың арасынан жыланша жүру – «жылан жорғалайды».</p> <p>Шеңбер бойымен тұру.</p> <p>ЖДЖ: «Қысқа дайынсың ба?» Ойменен де, сайменен де Аю келеді талтаңдап. Айтыңдаршы маған, аңдар, Қысқа дайындық қалай? Түлкіге арналған қолғап. Б.қ.: аяқтар табан қашықтығына сәйкес. 1 – қолды алға созамыз, 2,3 – қолдың басын айналдырамыз, 4 – төмен түсіреміз. 4–</p>	<p>«Жаман» тапсырмасы Екі командаға бөлінеміз. Сіздің ойыңызша қыс жақсы ма, жаман ба? Бірінші топ маған қыстың неге жаман екенін, ал екінші топ қыстың жақсы екенін дәлелдейді. Қажетті суреттерді таңдап, оларды өз орнына орналастырып жапсыру. Мысалы: Ағаштарды қар басқан ол қай мезгілде болады. т.б</p> <p>Жарайсыңдар!</p> <p>Дид ойын: «Қар түйірішектері» көзімізді жұмамыз, алақаныңызды соғамыз (осы уақытта барлығына қар ұшқынын беру) - Ой, қараңдаршы, алақандарыңда не бар? қар бүршіктері -Балалар, көп қар сиқырлы сөздерден, қар жауа бастады қандай қар түйірішіктері екенін</p>	<p>әдемі ағаштары туралы айтқаныңызды бірнеше рет естігенін және кірпі мен де оларға қарағым келеді диді.</p> <p>Ой қозғау. -Балалар, қалай ойлайсыңдар, кірпіге көмектесеміз бе? Кірпі мұңаймауы үшін және оның арманы орындалу үшін не істей аламыз? Қысқы ағаштардың суретін салып, кірпіге бере аламыз. - Жұмысты бастамас бұрын ағаштың қандай бөліктерден тұратынын айтайық, ағашты қандай түспен саламыз, қандай сурет салу әдістерін білетінімізді еске</p>
--	---	--	---	--

<p>Нұсқау – тек көпір үстімен (тақтайша).</p> <p>Кеуде тұсынан допты екі қолмен лақтыру – доп лақтырғаннан кейін қолды созу.</p> <p>Қозғалыс ойын: «Затты тауып ал».</p> <p>Балаларды (әр бала үшін жасатылған ойыншығы бар) гажайып қорапшаны іздеп табу үшін жұмсайды.</p> <p>Негізгі қимылдары: еденге орнатылған тақтайшада төрттағандап еңбектеу (ені 25 см, ұзындығы 2 метр).</p> <p>Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтыру. –</p> <p>Қоршаған орта мен таныстыру.</p> <p>Тақырыбы: «Ұла қар»</p> <p>Мақсаты: Қарды</p>	<p>басын айналдырамыз, 4 – төмен түсіреміз.</p> <p>4–брет.</p> <p>– Иә, – деді тұлкілер,</p> <p>Біз қолғапты тоқыдық,</p> <p>Қолғабымыз жап-жаңа, Жып-жылы әрі үлпілдек.</p> <p>Тиін інінде.</p> <p>Б.қ. – бұрынғы.</p> <p>1 – аяғының ұшымен көтеріледі, қолдарын жоғары көтереді,</p> <p>2 – б.қ. 4–брет.</p> <p>– Тиін інінен сығалап, Жаңғақты қойдым мен жинап.</p> <p>Інім менің биікті</p> <p>Іші құрғақ әрі жып-жылы.</p> <p>Құндыздар отын жаруда.</p> <p>Б.қ.: аяқты иық бойымен қояды, саусақтарын айқастырып құлып жасайды,</p> <p>1 – қолды бастан</p>	<p>брет.</p> <p>– Иә, – деді тұлкілер,</p> <p>Біз қолғапты тоқыдық,</p> <p>Қолғабымыз жап-жаңа,</p> <p>Жып-жылы әрі үлпілдек.</p> <p>Тиін інінде.</p> <p>Б.қ. – бұрынғы.</p> <p>1 – аяғының ұшымен көтеріледі, қолдарын жоғары көтереді, 2 – б.қ. 4–брет.</p> <p>Тиін інінен сығалап, Жаңғақты қойдым мен жинап. Інім менің биікте Іші құрғақ әрі жып-жылы.</p> <p>Құндыздар отын жаруда.</p> <p>Б.қ.: аяқты иық бойымен қояды, саусақтарын айқастырып құлып жасайды,</p> <p>1 – қолды бастан асыра жоғары</p>	<p>айта аласыңдар ма?</p> <p>Әдемі, жеңіл, ақ, өрнекті, алты қырлы, сымбатты.</p> <p>- Шынында да, қар түйіршіктері жеңіл. Енді тыныс алу жаттығуларын жасайық: ерніңізді «түтікше етіп , 3 қысқа дем шығарып, қар ұшқынына үрлеңіз. Жарайсыңдар!</p> <p>Дид ойын: «Қар үйінділері»</p> <p>Ой балалар, біз үрлеген қар түйіршіктерінен қар үйіндісі пайда болған. Қар үйіндісі қозғала ма? бұл кім (қар адамы) Бірақ неге екені белгісіз, өте көңілсіз. Неліктен деп ойлайсың? (Оның досы жоқ, ол жалғыз) Оған көмектесе аламыз ба? Ендеше оған көптеген достар жасап берейік.</p> <p>Топқа бөлініп, 1-топ: Қар адамның достарын мына</p>	<p>түсіріп,</p> <p>Практикалық бөлім</p> <p>Дәстүрден тыс мақта таяқшасы арқылы сурет салу. Енді кірпінің көңіл-күйі көтеріледі, ол біздің сыйлықтарымызға өте риза болады.</p> <p>Ой дамыту.</p> <p>- Иә, балалар, қыс мезгілі жылдың өте әдемі мезгілі.</p> <p>Қыс туралы тақпақтар білеміз бе?</p> <p>Уақыт мол бөлеміз, Қыс қызығын көреміз.</p> <p>Сары аязға шыңдалып, Шымыр болар денеміз.</p> <p>Балаларды мадақтау</p> <p>Дид ойын: «Жол іздегіштер»</p> <p>- Балалар, аң жүгіріп өткенде</p>
---	---	--	--	---

<p>бақылайды, оның ақ және үлгілдек екенін көреді, қардың қасиетімен таныстыру. Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.</p> <p>Эксперименттік бөлім.</p> <p>Дид ойын:</p> <p>«Кішкентай ғалымдар»</p> <p>Тәжірибе №1</p> <p>ҚАР ЕРІУ</p> <p>Шарты: Қардың қандай қасиеті бар екенін анықтау (қардың түсі, иісі, ұстау арқылы).</p> <p>Балаларға қардың кез келген жылу көзінен еритіндігі туралы түсінік беру.</p> <p>Жұмыс барысы: қарды, жылы жерге, үй ішінде және т.б.</p>	<p>асыра жоғары көтереміз, 2 – алға қарай еңкейеміз – 4 рет.</p> <p>Құндыз аюға дауыстады, Отынжардым мен пешке.</p> <p>Қонжық, маған уақыт бер, Көлбеңдетем көктүтін.</p> <p>Ал, кірпіде – саңырауқұлақ.</p> <p>Б.қ.: аяқты табан қашықтығына сәйкес сқойып тұру, қолдары төмен түсірілген.</p> <p>1 – отырады, қолын еденге тірейді, 2 – тұрады, б.қ., 4- рет қайталау.</p> <p>Кірпішықты қуыстан, «Мені де сен ұмытпа. Үйшігім бұта түбінде Саңырау құлақ толы ішінде».</p> <p>Жер асты жолы.</p>	<p>көтереміз, 2 – алға қарай еңкейеміз – 4 рет.</p> <p>Құндыз аюға дауыстады, Отынжардым мен пешке.</p> <p>Қонжық, маған уақыт бер, Көлбеңдетем көктүтін.</p> <p>Ал, кірпіде – саңырауқұлақ.</p> <p>Б.қ.: аяқты табан қашықтығына сәйкес қойып тұру, қолдары төмен түсірілген.</p> <p>1-отырады, қолын еденге тірейді, 2 – тұрады, б.қ., 4 рет қайталау.</p> <p>Кірпішықты қуыстан, «Мені де сен ұмытпа. Үйшігім бұта түбінде</p>	<p>парақтарға ретімен жапсырамыз.</p> <p>2-топ: Мына пішіндерден қар адам құрастыру.</p> <p>Сұрақ-жауап: Қандай пішіндерден құралған? Түсі қандай? Оның бөліктерінде тағы не бар?</p> <p>Ой қозғау</p> <p>- Біздің қар адамға кім тақпақ айтқысы келеді? (2-3 бала тақпақ айтып береді)</p> <p>Ой қарашы, қар адамы көңілді болып кетті, тақпақ айтқаның қатты ұнады.</p> <p>Енді ол бізбен қалып жаңа жылды тойлайды</p> <p>Қортынды</p> <p>Балаларды мадақтау</p>	<p>қарда не қалады? (Іздер.)</p> <p>- Орманда көптеген жануарлар мекендейді, олар қанша із қалдырды, нағыз жануарлардың іздерін осы жерден іздейік. Мына суретті құрастырсақ көптеген іздерді және жануарларды көреміз</p> <p>Балаларды мадақтау.</p> <p>Қортынды.</p> <p>Тағы да қыс түсті де, Тон жамылды қырқалар. Қайың, терек үстіне Қона қалды ұлпа қар.</p>
---	--	---	--	---

<p>Топқа әкелінген қарды бассейнге салады. Бірте-бірте ол ериді, алдымен борпылдақ болады, содан кейін суға айналады.</p> <p>Қорытынды: Қар кез келген жүйеден келетін жылы ауадан еритіндігін балаларға түсіндіру. Тәжірибе №2 Қардың суын ішуге бола ма? Мақсаты: Ең таза болып көрінетін қардың да ағын судан да лас екенін көрсету. Жұмыс барысы: Біз екі жеңіл пластинаны аламыз: біріне қарды саламыз, ал екіншісіне кәдімгісін қран суын құямыз. Қар ерігеннен кейін плиталардағы суды қараймыз.</p>	<p>Б.қ. етпетімен жатады, қолдарымен басын ұстайды. 1-2-3-4 – аяқтарын алға-артқа қозғайды. Ал мен көртышқанмын Жер астына жол салған. Отбасыммен мен онда Шай ішемін қыста. Қоянға арналған пималар. Б.қ.: түреген тұрады, қолдарды белге қояды. Бірорында тұрып кезекпен секіреді, жүреді. Ал бізде бар пималар, Жауапқаттықояндар. Бізгеборантүкемес, Мишка, көршікиіпсен. Аюормандышарлады, Апанынакеліпоралды. Саусағынсалыпаузына Тәттіұйқығабатады. Бір қатармен сапта жүру, екіге бөлініп екі топ құрып жүру. Қимылдың негізгі түрлері: Қолды белде ұстап, текшелерден аттап, соқпақпен</p>	<p>Саңырауқұлақ толы ішінде».</p> <p>Жер асты жолы. Б.қ. етпетімен жатады, қолдары мен басын ұстайды. 1-2-3-4 – аяқтарын алға-артқа қозғайды. Ал мен көртышқанмын Жерастына жол салған. Отбасым мен мен онда Шай ішемінқыста. Қоянға арналған пималар. Б.қ.: түреген тұрады, қолдарды белге қояды. Бірорында тұрып кезекпен секіреді, жүреді. Ал бізде бар пималар, Жауап қатты қояндар. Бізге боран түк емес, Мишка, көрші киіпсен. Аю орманды шарлады, Апанына келіп оралды. Саусағын салыпаузынаТәттіұйқыға</p>		
--	--	---	--	--

<p>Салыстырайықжән е олардың қайсысында қар болғанын біліңіз (төменгі жағындағы қоқыспен және қайсысында ағынды су анықтаймыз Қайсысы құйылған күйінде таза қалды</p> <p>Қорытынды: Қар лас, еріген су, адам ішуге жарамсыз. Бірақ еріген суды өсімдіктерді суаруға, жануарларға ішуге пайдалануға болады.</p> <p>Тәжірибе №3</p> <p>Қарды бояулармен түстендіруге бола ма?</p> <p>Мақсаты: Балаларға қарды бояуға болатынын көрсету.</p> <p>Жүргізілу барысы: Әр балаға стақанға қар саламын, тәжірибе жасай отырып, балалар қарды түрлі</p>	<p>(жолмен)жүру. Түлкі келедікөпірмен Құйрығы оның бұлғаңдап. Қолындағысын түсірмей Серуендейді масайрап. Сәкі үстінде төрттағандаеңбектеу. МаймақаяқаюларОрмандажүрсеруендеп. Бөрнеденөлжылдам, Ептілікпенаттады. Қабырғасынауыртпай Керіліполалды. (Түзеліп, қолынжоғарыкөтереді).</p> <p>Құрсаудан-құрсауғасекіру. БақтансәбізжинауғаКелдіқоянсекіріп.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр».</p> <p>Ойын жаттығуы: «Кірпі»</p> <p>Кірпі домаланып жиналды, қайтып орнынакелді.</p> <p>Негізгі қимылдары:</p>	<p>батады. Бір қатармен сапта жүру, екіге бөлініп екі топ құрып жүру.</p> <p>Қимылдың негізгі түрлері:</p> <p>Қолды белде ұстап, текшелерден аттап, соқпақпен (жолмен)жүру.</p> <p>Түлкі келеді көпірмен Құйрығы оның бұлғаңдап. Қолындағысын түсірмей Серуендейді масайрап. Сәкі үстінде төрт тағандап еңбектеу. Маймақ аяқ аюлар Орманда жүр серуендеп. Бөрнеден ол жылдам, Ептілікпен аттады. Қабырғасын ауыртпай Керіліп ол алды. (Түзеліп, қолын жоғары көтереді).</p> <p>Құрсаудан-құрсауға секіру.</p>		
---	---	--	--	--

<p>түске бояуға болатынына көз жеткізді. Қортынды: Тәжірибе соңында топтың жанына түрлі-түсті қар төгіледі, ал мұздағаннан кейін түрлі-түсті мұздар алуға болатынын көрсету. .</p> <p>ҰО: «Бес тас» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)</p>	<p>қолдарын белінде ұстап, биіктігі 10 см кедергіден аттап өту арқылы тепе-теңдікті сақтай отырып, жолды жүріп өту. Сәкі үстінде төрттағандап еңбектеу. Бір құрсаудан екінші құрсауға секіру</p> <p>Қызығушылықты ояту. Менің сендерге жұмбағым бар, тыңдаңдар кім табады? Дид ойын: «Кім тапқыр?» Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (Қар) Қар қай кезде болады? Қыста. Қардың түсі қандай? Ақ. Көшеде жүргенде бір емес бірнеше рет қолдарыңызға қар алдыңыздар. Ол қандай?</p>	<p>Бақтан сәбіз жинауға. Келді қоян секіріп. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр». Ойын жаттығуы: «Кірпі» Кірпі домаланып жиналды, қайтып орнына келді. Негізгі қимылдары: қолдарын белінде ұстап, биіктігі 10 см кедергіден аттап өту арқылы тепе-теңдікті сақтай отырып, жолды жүріп өту. Сәкі үстінде төрт тағандап еңбектеу. Бір құрсаудан екінші құрсауға секіру</p> <p>Тосын сәт Хат келу. Ой, балалар, қараңдаршы, мына хатты қыс мезгілі жіберген Құрметті балалар сендерді менің қысқы шеберханама шақырамын. Барамыз ба балалар? Немен</p>			
---	---	--	--	--	--

		<p>Балалар: Суық. Тәрбиеші: Балалар, мен азғантай қар әкелдім, енді мен алақанымға бір кесек қар жағамын, ал сендер оған не болғанын көріңдер. Алақандағы қарға не болды?</p> <p>Балалар: Қар ереді. Ол неге еріп кетті? Өйткені менің алақаным жылы. Содан кейін әр бала қарды алып, оның қалай алақанында еріп, суға айналғанын бақылап отыру. Осылайша қардың суық, алақанның жылы екенін түсіндіру</p> <p>Қар ереді, қар аппақ, су мөлдір болады.</p> <p>Тәрбиеші : Балалар, сендер қар аппақ дедіңдер, ал қар таза деп ойлайсыңдар ма?</p> <p>Балалар: Жоқ. Ал енді біз мұны тексереміз, эксперимент жасаймыз. Балалар,</p>	<p>барамыз? Шаңғымен Мына шаңғымыздың бір бөлігі жоқ екен, оны табу керекпіз.</p> <p>Дид ойын: «Бөлігін тап»</p> <p>Шарты: Шаңғының бөлігін тауып жапсыру.</p> <p>Шеберханаға келу. Бірақ оған кіру үшін қар туралы сиқырлы сөздер айту керек , бірақ айту оңай емес, сонымен қатар қимылдарды орындау керек.</p> <p>Дид ойын: «Сиқырлы сөздер»</p> <p>Қар аппақ, қар жылтыр т.б. Жарайсыңдар балалар!</p> <p>Сендер бәрін дұрыс жасадыңдар, менің шеберханамның есігі сендерге ашық.</p> <p>Кіріңіздер , құрметті қонақтар. Үстелдерге отырыңыз .</p> <p>Қараңдаршы, үстелдеріңде не бар? Парақтар.</p> <p>- Біздің парақшаларымызға назар аударыңдар .</p>		
--	--	--	---	--	--

		<p>есінде ме, таңертең мен топқа бір кесе қар әкелгенмін?</p> <p>Балалар. Иә. Кеседегі қарға не болғанын кім ойлапты? Ол еріп кетті. Сонда ол не болды?</p> <p>Балалар. Су. Тостағандағы қар суға айналғанын көрейік. Ол таза ма?</p> <p>Балалар. Лас. Енді түсіндік пе, қар жеуге болады ма? Қар суық және лас, ауырып қалуыңыз мүмкін! Сосын қарды түрлі түске боядық.</p> <p>Қорытынды: қар бос, сондықтан бояуды сіңіреді. Қар еріп, суға айналады. Су қарды қалай бояса, сол түске айналады. Ал енді қар бүршіктеріне айналайық .</p> <p>Сергіту сәті: Үлпілдек ақ қар Ауада айналу Ал жер аппақ, жұмсақ</p>	<p>Олар толығымен бос. Маған оларды қор ұшқындарымен безендіруге көмектесіңдер. (Тұз, желім балалардың алдында) -Не? Сізде және менде қылқалам жоқ (балалардың жауаптары) - Дұрыс. Желіммен және тұзбен жұмыс жасаймыз Үлгі көрсету, талдау. Балалардың дербес әрекеті. (Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог орындау, қалпын бақылайды) (Жұмыскезіндеборанмузыкасыестіледі) .</p> <p>III.Қорытынды бөлім - Жарайсың! Сендер жақсы жұмыс жасадыңдар, олу үшін мен сендерді дәмді қар шарларымен сыйлаймын. Ал енді сендерге балабақшаға оралатын кез келді . Міне, сендерге қар ұшқыны, ол сендерге балабақшаны</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>қар Құлау, жату. -Тәрбиеші. Жарайсыңдар , балалар . Енді түсінесіңдер. қарды жеуге болмайды , өйткені ол лас және суық .</p> <p>ҰО: «Қыз қуу» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)</p>	<p>табуға көмектеседі. Ол үшін «сиқырлы» сөздерді айту керек. Балалар орындарынан тұрып, сиқырлы сөздер айтады: «Қарұшқыны бір рет айналады, қар ұшқыны екі айналады, қар ұшқыны үш айналады, балалардың балабақшаға жетуіне көмектеседі» Міне біз балабақшаға аоралдық. ҰО: «Күш сынау» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»(Бір тұтас тәрбие бағдарламасы)</p>			
Серуенге дайындық	<p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.</p> <p>Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:өзіне-өзі қызмет көрсету.</p>				
Серуен	<p>Картотека № 6 Айналадағы адамның қысқы еңбегі.</p>	<p>Картотека № 7 Аязды күнді бақылау.</p>	<p>Картотека № 9 Қырауды бақылау.</p>	<p>Картотека № 8 Мұзды бақылау.</p>	<p>Картотека № 11 Күнді бақылау.</p>
Қысқы серуен картотекасынан					
Серуеннен оралу	<p>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілік пен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</p> <p>Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:өзіне-өзі қызмет жасау.</p>				
Түскі ас	<p>Ұқыпты тамақтанудағыларын, ас құралдарын қолданудағыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты</p>				

	аз-азданалып, шусызжеуді үйрету. Тамақтансоңауыздарыншаюдықадағалау Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:өзіне-өзі қызмет жасау.				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау Үнемді тұтыну мақсаты: «Суды үнемді пайдалану,шашпай жуыну.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№14. Ояну Бойымызды жазайық, Қолымызды созайық. Жаттығулар жасайық. Ұйқымызды ашайық.	№16 Ояну Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыиыңдар	№15. Ояну Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық.	№13. Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.	№ 12. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз
	Ұйқыашар жаттығу картотекасынан Еңбегі адал жас өрен-мақсаты:өзіне-өзі қызмет жасау. Үнемді тұтыну мақсаты: «Суды үнемді пайдалану,шашпай жуыну.				
Бесінас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. Жол ережесі «Бағдаршам» Мақсаты: Балаларды бағдаршаммен басқарылатын	«Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлық-пен	«Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру. Өрт қауіпсіздігі «ТӨРТІНШІ АРТЫҚ» Мақсаты: өрттің пайда болуына себеп	«Балабақша» Мақсаты: балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. Қауіпсіздік ережесі «Егер бейтаныс адам есікті қақса» Ойын жаттығулары Мақсаты: Балаларды	«Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.

	қиылысудан өту (өту) ережелерімен таныстыру.	қарауға баулу.	болуы мүмкін заттар туралы білімді бекіту	үйде жалғыз болған кезде есікті ашуға үйретіңіз, тек олармен бір пәтерде тұратын адамдарға ғана.	
Балалармен Жеке жұмыс	«Сиқырлы қапшық» Ойынның мақсаты: Дінмұхаммедке заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.	Мынау қай пішін? Мақсаты: Асылымға Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.	«Үлкен-кіші» Мақсаты: Ыбырайға Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету.	«Не жоқ?» Ойынның мақсаты: Ахмедияр мен Заңғардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа байқампаздыққа тәрбиелеу.	«Қай жануар артық» Мақсаты: Айзияның ойлау қабілетін дамыту
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Картотека № 6 Айналадағы адамның қысқы еңбегі.	Картотека № 7 Аязды күнді бақылау.	Картотека № 9 Қырауды бақылау.	Картотека № 8 Мұзды бақылау.	Картотека № 11 Күнді бақылау.
Серуеннен оралу	Таңғысеруенді бекіту.				
Кешкі ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті	Балалардың таңдау бойынша ышығармашылық іс-шаралар: сурет салу, күзгі жапырақтардың коллажы.	Құрылыс және құрастыру ойындары «Лего», «Сызбалардан құрастыр»	Үстел үсті ойындары; «Домино», «Лото», «пазлдар» психикалық процестерін дамытуға бағытталған ойындар	«Көкөніс дүкені» ойындары	Еңбек әрекеті Жууға болатын ойыншықтарды жуу.
Өнегелі 15 минут, қауіпсіздік ережесі ата-анамен бала өмірінің қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.					

Балалардың Үйге қайтуы	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.</i>	<i>Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.</i>	<i>Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.</i>
------------------------------	--	--	---	---	---